

**Ұ. Жанбершиева<sup>1\*</sup>, Г.С. Оралова<sup>2</sup>, А.Т. Төлебаева<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>ulzhan1954@mail.ru, <sup>2</sup>gulzi-oralova@mail.ru, <sup>3</sup>aidyn42@mail.ru

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-7662-0343, <sup>2</sup>0000-0002-7616-5499, <sup>3</sup>0000-0003-1299-1641

## ФИРДОУСИ «ШАҢНАМАСЫ» ЖӘНЕ ТҰРМАҒАМБЕТ

**Аңдатпа.** Мақалада Ә.Фирдоусидің түркі халықтары үшін өте маңызды Иран-Тұран тарихын суреттейтін «Шаһнама» дастаны туралы сөз болады. Дастанның Орта Азия халықтарының фольклорына енуі және қазақ поэзиясы мен Шығыстық сабақтастық айтылады. «Шаһнаманы» қазақ топырағында қайта жырлап, ұлттық бояумен дамытқан ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовтің ерекшелігі айқындалады. Әдебиеттану ғылымындағы «Шаһнама» дастанының зерттелуін негізге ала отырып, қазақ әдебиетінде шығыстық дәстүрдің қалыптасуы сараланады. Ағылшын, француз, неміс, итальян, орыс т.б. шығыстанушы ғалымдардың «Шаһнама» туралы зерттеулері салыстырылып, дастанның рухани маңызына талдама беріледі. Фирдоуси мен Тұрмағамбет екі түрлі уақытта өмір сүргенмен дастан идеясындағы үндестігі әдеби ықпалдастық, тоғысулар танымдық тұрғыдан анықталады. Шығыстық классиканы қазақ даласында нәзирагөйлік әдіспен қайта жырлаған Тұрмағамбет ақынның даралығы, дүниетанымы, суреткерлік шеберлігі, көркемдік ойлауы ашылады. Фирдоуси «Шаһнамасы» мен Тұрмағамбет арасындағы ұқсастық, үндестік екі ақынды жақындата түскені сабақтастыра салыстырылды. Әлемдік әдеби байланыстарға терең бойлап, ғылыми танымдық тұрғыдан баға беріледі, дәйектемелер келтіріледі. Фирдоуси мен Тұрмағамбеттің үндестігі зерттеу нысанына алынып, бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырылды. Тұрмағамбет Ізтілеуов «Шаһнамасындағы» Шығыстық дәстүрдің қалыптасуы ашылып, ұлттық руханиятымыздағы құндылық екені дәлелденді.

**Алғыс:** Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР19680346 «Сыр сұлейлері шығармаларындағы Шығыстық дәстүр» ғылыми жобасы аясында жүргізілді.

**Кілт сөздер:** фольклор, шығыстық дәстүр, рухани мұра, нәзирагөйлік әдіс, шығыстық ықпал, әдеби үндестік, гуманистік ұстанымдар, классикалық шығарма, әлемдік әдеби байланыс, дүниетаным, «Шаһнама» - патшалар тарихы.

**У. Жанбершиева<sup>1\*</sup>, Г.С. Оралова<sup>2</sup>, А.Т. Тулебаева<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Қызылорда университетінің атындағы Қорқыт Ата, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>ulzhan1954@mail.ru, <sup>2</sup>gulzi-oralova@mail.ru, <sup>3</sup>aidyn42@mail.ru

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-7662-0343, <sup>2</sup>0000-0002-7616-5499, <sup>3</sup>0000-0003-1299-1641

## «Шахнама» Фирдоуси и Турмагамбет

**Аннотация.** В статье говорится о произведении-дастане А. Фирдоуси «Шахнама», в котором повествуется об Ирано-Туранской истории, имеющей большое значение для всех тюркских народов. Отмечается, что данный дастан вошел в фольклор всех народов Средней Азии. Наряду с этим в статье подчеркивается преемственность казахской и восточной поэзии. В статье особое внимание уделяется особенностям поэзии Турмагамбета Изтлеуова, который воспел дастан на казахском языке и придал ему национальную окраску. На основе литературоведческих исследований, посвященных произведению «Шахнама», рассматривается становление восточной традиции в казахской литературе. В работе сопоставляются исследования английских, французских, немецких, российских ученых – востоковедов о дастане «Шахнама», анализируется духовное значение данного произведения.

Несмотря на то что Фирдоуси и Турмагамбет жили в разные эпохи, идея дастана передана гармонично, прослеживается литературная интеграция, выявляются общие переплетения с познавательной точки зрения. Раскрывается индивидуальность, мировоззрение, художественное мастерство, художественное мышление поэта Турмагамбета, воспевшего восточную классику в казахской степи посредством метода назира. Созвучие «Шахнама» Фирдоуси и Турмагамбета показывает схожесть, близость творчества двух поэтов. Уделяя внимание мировым литературным связям, дается оценка с научно-познавательной точки зрения, приводится обоснование. Созвучие творчества Фирдоуси и Турмагамбета, взятое в качестве предмета исследования, рассмотрено с современной точки зрения. В статье отмечается, что в «Шахнама» Турмагамбета Изтлеуова показано формирование восточной традиции и произведение является ценностью нашей национальной духовности.

**Благодарность:** Работа над статьей была проведена в рамках реализации научного проекта №AP19680346 «Восточная традиция в произведениях сказителей земли Сыра» при грантовом финансировании Комитета науки МОН РК.

**Ключевые слова:** фольклор, восточная традиция, духовное наследие, метод назира, восточное влияние, литературная преемственность, гуманистические позиции, классическое произведение, мировые литературные связи, мировоззрение, «Шахнама» – история царей.

**U. Zhanbershiyeva<sup>1\*</sup>, G.S. Oralova<sup>2</sup>, A.T. Tulebayeva<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: <sup>1</sup>ulzhan1954@mail.ru, <sup>2</sup>gulzi-oralova@mail.ru, <sup>3</sup>aidyn42@mail.ru

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-7662-0343, <sup>2</sup>0000-0002-7616-5499, <sup>3</sup>0000-0003-1299-1641

## «Shahnama» Firdousi and Turmagambet

**Abstract.** The article talks about the work-dastan of A. Firdousi “Shahnama”, which tells about the Iranian-Turanian history, which is of great importance for all Turkic peoples. It is noted that this dastan has entered the folklore of all the peoples of Central Asia. Along with this, the article emphasizes the continuity of Kazakh and oriental poetry. The article pays special attention to the features of the poetry of Turmagambet Iztleuov, who sang the dastan in the Kazakh language and gave it a national coloring. Based on literary studies devoted to the work “Shahnama”, the formation of the eastern tradition in Kazakh literature is considered. The work compares the research of English, French, German, and Russian scientists - orientalists about the Shahnama dastan, and analyzes the spiritual significance of this work. Despite the fact that Ferdowsi and Turmagambet lived in different eras, the idea of dastan is conveyed harmoniously, literary integration is traced, and common interweavings are revealed from a cognitive point of view. The individuality, worldview, artistic skill, and artistic thinking of the poet Turmagambet, who glorified the eastern classics in the Kazakh steppe through the Nazir method, are revealed. The consonance of the Shahnama of Ferdousi and Turmagambet shows the similarity and closeness of the works of the two poets. Paying attention to world literary connections, an assessment is given from a scientific and educational point of view, and a justification is given. The consonance between the works of Firdousi and Turmagambet, taken as the subject of research, is examined from a modern point of view. The article notes that Turmagambet Iztleuov’s “Shahnama” shows the formation of the Eastern tradition and the work is a value of our national spirituality.

**Acknowledgment:** Work on the article was carried out as part of the implementation of scientific project No. AP19680346 «Eastern traditions in the storytellers work of Syr land» with grant funding from the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** folklore, eastern tradition, spiritual heritage, Nazir method, eastern influence, literary continuity, humanistic positions, classical work, world literary connections, worldview, «Shahnama» - the history of kings.

### 1. Кіріспе

Әлем халықтарының ауызша және жазбаша әдебиеті өте бай, әсіресе Шығыс елдерінің гуманистік ойларға толы классикалық туындылары ғасырдан-ғасырға

ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, біздің ұлттық сананың өркендеуіне жол салған. Шығыс жұлдыздары Фирдоуси, Сағди, Физули, Жамси, Науаи, Низами сияқты ақындардың бай әдеби мұралары өзге халықтар әдебиетіне ықпал етіп, сюжет алмасулар, әдеби тоғысулар болып отырған. «Әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктері, ұлттық мінезі, моральдық нормалары, әдет-ғұрыптары, рәсімдері, дәстүрлері мен өмір сүру салты бар. Әр ұлттың жүздеген жылдар бойы қалыптасқан өз мәдениеті бар, ол уақыт көшіне ілесе ғасырдан ғасырға жалғасып, халықтың өмір сүру дағдысы мен білім беру үдерісіне айрықша әсер етеді. Осыған орай ой түйер болсақ, әрбір ұлттың ұрпағын прогрессивті дәстүрлер мен озық моральдық рухта тәрбиелеуде және оны жақсы қасиеттерге баулуда халықтың сан ғасырлық жинақталған бай әдет-ғұрыпын өмірге енгізуге ұмтылу – заңдылық әрі көрегендік екені анық» деген ой түйеді (Tulebayeva, Aitimov, 2019: 253).

Шығыс – қазақ әдебиеті мен мәдениеті дәстүрлерінің тоғыса келе, қазақ әдебиетінің жанрлық түрғыдан дамуына игі ықпал жасаған. Халық өмірінің әр кезеңдегі айнасы болған әдеби туындылар тіршілік мәйегі, философиялық даналыққа толы. Шығыстық бай дүниелердің ішінде парсы әдебиеті мен араб әдебиетіндегі жыр-дастандардың маңызы зор.

Қазақ халқына классикалық туындыларды жеткізуде ХІХ-ХХ ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулар еңбегін ерекше атауға болады. Шығыстанушы Ө.Күмісбаев: «Шығыс сюжетін қуып жазған қазақ ақындары көп болған жоқ, бірақ біразының аттары шығармалары ұмытылып, уақыттың өзегіне түсіп кетіп, көзден де, көңілден да ғайып боп кетті. Шығысты біліп те, білмей де жазғандар бар еді, көпшілігі көзсіз еліктеуден асып кете алмады», - деген (Күмісбаев, 2012: 14).

Ғалымның осы пікіріне сүйенсек, Шығыстық үлгідегі шығармалар жазған қазақ ақындарының көпшілігі еліктеуден аспаған, Тұрмағамбеттің ойшылдығы парсымен араб әдебиетін жетік игеруі «Шаһнама», «Мың бір түн», «Тотынаманың» идеялық-көркемдік дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа нұсқада жазып шыққанын атап өтеді.

Парсы әдебиетінің бастауы «Авестадан» бастап, Фирдоуси, Әбу Әли ибн Сина, Зиаддин Нахшави, Носир Хосрау, Мухаммед Хайдар Дулати, Рудаки, Омар Хайям, Сағди, Ширази, Әбдірахман Жәми, Низами, Әлшер Науаи шығармалары қазақ, еуропа және орыс әдебиетіне ықпал етіп, сюжеттер Орта Азия фольклорына еніп, Шығыстық дәстүрді қалыптастырған.

Сыр елінде Шығыстық гуманистік ойлар мен классикалық шығармалардың сюжетіне жазылған туындылардың тарауына түрлі себептері болды. Сыр елінен Орта Азиядағы қалаларға барып білім алған ақын-жыраулар, Шығыстың бай кітапханасымен танысқан.

Мектеп-медреселерде білім алған ағартушы ақындар Шығыстық дәстүрді ұстап, Шығыстық сюжетке құрылған дастандарды қайта жырлаған.

Ислам діні қазақ поэзиясындағы адамгершілік-имандылық мәселесін көтеріп, тың туындыларды өмірге әкелді. Географиялық орналасуы жағынан қазақ елі Орта Азияға жақын, экономикалық қарым-қатынас, түрлі сауда-саттық арқылы жиі араласқан, әдеби байланыстар болған. Сонымен қатар ХІХ-ХХ ғасырда Шығыстық білім алған қазақ ақын-жыраулары Шығыстық дәстүрде адамгершілікке толы дидактикалық гуманистік үлгідегі шығармаларын халыққа таратып отырған.

## 2. Материалдар мен әдістер

Шығыстанушы ғалымдар Польш Гумберд Шах, В.А.Жуковский, С.Соколов, А.Е.Крымский еңбектерінде талданған шығыстық ықпал, қазақ әдебиетінде Шығыстық дәстүрдің қалыптасуында іргелі зерттеулер жүргізілген ғалымдар Ө.Күмісбаев, Ә.Дербісәлин, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, А.Қыраубаева зерттеу еңбектеріне де арқау болған.

Біздің зерттеу нысанымыз Сыр сүлейі Т.Ізтілеуов дастандарындағы Шығыстық дәстүр болғандықтан Шығыстың классикалық әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен жырлаған ақынның ойлау жүйесін, дүниетанымын танытуды мақсат тұттық. Ойымызды ғалым Б.Кәрібозұлының пікірімен сабақтасақ: «Сыр өңіріндегі әдебиет өкілдері Шығыс әдебиетінің дәстүріне ерекше ден қойып, Шығыстың классикалық әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен немесе Шығыс сюжетіндегі аңыздар мен ертегілерге өз жанынан қосып, қисса-хикаяттарды дүниеге келтіріп отырған», - деп ой түйеді (Кәрібозұлы, 2005: 30).

Тұрмағамбет жазған дастандар нәзира дәстүрімен Шығыстық сюжетке құрылып, классикалық туындыларды жаңаша сөйлетіп, әлем әдебиетіндегі гуманистік идеяларға үн қосып, Шығыстық дәстүрді қалыптастырған.«Шығыстық дәстүрді қазақ әдебиетінде қалыптастыра отырып, Т.Ізтілеуов ұлттық санаға ықпал еткен. Шығыстың ең үздік шығармаларын ел игілігіне айналдырып, рухани-адамгершілік ой-пікір дамытқан. Сөйтіп қазақ пен шығыс мәдениетінің тоғысып, ықпалдасуы арқылы ұлттық әдебиетте шығыстық дәстүрді қалыптастырған. Шығыстық «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» сияқты классикалық шығармаларды қайта жырлап, қазақ әдебиетіне жаңалық енгізді, сол жаңалық дамып келе дәстүрге айналды. Өнегелік тағылымы бар даналардың үлгілерін ғана ескеру керектігіне назар аударып отырған», - дейді (Жанбершиева т.б., 2023: 127).

Т.Ізтілеуов – Шығыс классикалық әдебиетінен еркін сусындап, соның жақсы дәстүрлерін меңгерген, қазақ поэзиясын түр, форма, жанр жағынан байытқан ақын. Фирдоусидің классикалық шығармасы «Шаһнаманы» қазақ тілінде қайта жырлап, нәзира әдебиетінің дәстүрімен қазақша сөйлеткен.

Тарихы, мәдениеті, тұрмыс жағдайы өзара жақын Орта Азия ақындарының сөз даналығын негізге ала отырып, әр қырынан суреттеп шығыс поэзиясының арасындағы алтын арқау, терең тамырлы сабақтастық барын айқындап берді.

Ақынның нәзира әдісімен дастан жазудағы ерекшелігіне тоқталар болсақ, идеялық көркемдік ойы образды сомдауы, нақыштауы өзгеше болды.

Қазіргі бүкіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып жатқан кезде қазақ әдебиетінің өзге елдермен әдеби-мәдени байланысы, ықпалдастық, үндестік тарихи тамырластығын зерттеп, зерделеудің мәні зор. Осы орайда, Сыр өңірі әдебиетінде Шығыстық классикалық әдебиеттің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен жырлаған ақын-жыраулар гуманистік идеяларға өзіндік үлес қосқаны, қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрді байытқанын атап өтуге болады.

### 2.1 Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында қол жеткен тұжырымдар мен түйінді нәтижелерді Фердоуси мен Тұрмағамбеттің үндестігі кеңінен насихатталады. Әдебиеттану

ғылымындағы жалпы теориялық методологиялық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, салыстырмалы-типологиялық, жүйелі сараптау, жинақтау, баяндау әдіс-тәсілдері басшылыққа алынды. Дәйектер мен іргелі зерттеулерге сипаттама жасау, деректерді талдау жасалды.

## 2.2 Материалға сипаттама

Фирдоуси мен Тұрмағамбет ақынның «Шаһнама» дастанындағы ұқсастық, үндестік, сюжеттік желілер бұрын-соңды зерттеу нысанына айналған емес. Сондықтан бұл тақырыпты арнайы зерттеу және қазақ ақындарына Шығыс поэзиясының әсері, рухани байланысы әдебиеттану ғылымы аясында қарастыру жұмыстың зәрулігін көрсетеді.

Тұрмағамбет жырлаған «Шаһнама» дастаны Фирдоуси сюжеттерінен алыстап кетпейді, дегенмен, өзіндік ерекшеліктері бар. Жырды қазақтың батырлық жырларындай жымдастырып, ұлттық болмыс, таным аясымен береді.

Фирдоусидің «Шаһнаманы» жазу себептерімен Тұрмағамбет нұсқасын салыстыру ерекшеліктерін ашу бағасын беру, ғылыми тұжырым жасау жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Тақырып Фирдоуси мен Тұрмағамбеттің «Шаһнама» дастанындағы үндестік болғандықтан, зерттеу алдына бірнеше күрделі мәселелер қояды. Ең бастысы Фирдоуси дастанының жазылуы, зерттелуі, әлем халықтарындағы нұсқасы және Тұрмағамбет нұсқасын салыстыра талдау, нәзира дәстүрінің маңызын нақтылау, гуманистік ойлар мен авторлық идеяны дәлелдеу. «Шаһнама» дастанының сөз өнеріндегі алар орнын айқындаумен қазақ әдебиетіне Шығыс әдебиетінің ықпалын зерделеу.

## 3. Талқылау

Әлемдік мәдениеттің мәңгі жасар мұраларының бірі – иран-тәжік әдебиетінің «Шаһнама» дастаны. Дастан авторы Әбілқасым Фирдоуси бұл шығарманы жазуға отыз бес жыл өмірін арнаған екен. Шығыс шайырларының бірі Дакаки 1000 жолдық жырдан тұратын Иран патшаларының тарихын Әбіл-Муаил Балхидың қара сөзбен жазған шығармасын өлеңмен өрнектеген. Өмірден 30 жасында өткен Дакакидің осы шығармасын Фирдоуси жалғастырған.

«Шаһнама» - Иран патшалығының 4 династиясын, 53 патшасын суреттейтін 60 мың бәйіт, 120 мың жолдан тұратын шығарма. Дастан үлкен 3 тараудан мифологиялық, аңыздық және батырлық жырлардан тұрады.

Шығыс елдерінде Шаһнаманың аудармасы туралы 400-ден астам шығарма жазылған. Оның тарауларын жатқа айтып тарату мәдени дәстүрге айналған. Кейін «Шаһнаманың» жеке тараулары өз алдына «Жәмшиднама», «Самнама», «Дарабнама» т.б. қисса-дастан болып тарайды.

«Шаһнама» нұсқасы бойынша ағылшын Лонес, неміс ақыны Ф.Рюккерт «Рүстем-Зораб» бөлімін аударған.

Француз ғалымы Поль Гумберд Шах дастандағы араб сөздерін зерттеген.

XIV ғасырда «Шаһнама» қара сөзбен араб тіліне аударылады.

XV-XVI ғасырда түрік тіліне аударылады.

XVIII ғасырда ағылшын тіліне аударылып, XIX ғасырда А.Е.Крымский украин тіліне, В.А.Жуковский мен С.Соколов орыс тіліне аударды. Түркі халықтары үшін

маңызды шығарманы қазақ тіліне алғаш аударған. Ораз молда деген Сыр елінде өмір сүрген ақын еді. М.Сералин «Рүстем-Зораб» тарауын орысша нұсқадан аударып, 1914 жылы «Айқап» журналында жариялап отырған.

«Шаһнаманың» Ташкенттен шыққан нұсқасын қара сөзбен Айманкүл Тәжібаева аударады.

«Шаһнаманы» қазақ ұғымына үйлестіре жырлаған Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуов болды.

«Шаһнаманы» баспаға әзірлеп, алғы сөз жазған ғалым Ислам Жеменей: Тұрмағамбет «Шаһнаманы» толықтай аудармаған әйтсе де оның аударып жазған «Рүстем-Дастаны» мен Фирдоуси «Шаһнамесінің» мазмұнына көз жүгіртсек, шығарманың негіздерін сақтағандығын байқауға болады. Бірақ Фирдоуси «Шаһнамасында» айтылған бірқатар кейіпкерлер мен оқиғаларды жырына қоспайды», - деп тұжырым жасайды (Жеменей, 2009: 17).

Тұрмағамбет «Шаһнамасына» сюжеттік желіге қарай талдама түсінік береді де ақынның ерекшелігіне тоқталған. Кіріспеден кейін иранды 30 жыл билеген тұңғыш патша Киомәрс туралы мағлұмат берген, сонан соңғы он бір тарау Кейқұсырау мен Афрасиабтың шайқасын суреттеуге құрылғанын 64 жыл патшалық еткен Кейқұсыраудың тарихын «Құсыраунаме»деп бірнеше тарауларға бөліп жырлағанын сөз етеді деп жазады.

Ақын «Шаһнамадағы» батырлық бөлімге тоқталған, басты идеясы – жақсылықтың зұлымдыққа қарсы күресін суреттеу, ерлікті дәріптеу.

М.Әуезов: «Ерлікке бара-бар, алабөтен үлкен еңбегі деп «Шаһнамаға сіңірген еңбегін айтар едік. Бұл әрине «Шаһнаманың» тұтас түрі емес және толық мағынасындағы аудармасы да емес. Бұл Рүстем батыр есіміне байланысты батырлық романтикалық қимыл-әрекеттерді жинақтап, сюжет желісіне тұжырымдап, қазақ ұғымына бейімдеп алған «Рүстем-Дастан» атты вариант», - деп баға береді (Әуезов, 1970: 95). Осы пікірге сүйенсек, Тұрмағамбет жырлаған дастан Фирдоусиден толық аударма емес, қазақ ұғымына жақындата, жырлаған жаңа нұсқа деп білеміз. Дастан кейіпкерлері – тарихи тұлғалар, батырлар Сам, Зал, Сұһраб, Рүстем және елін сыртқы жаудан сақтап қалған Тұран-түркі елін басқарған патшалар Фирдоуси мен Тұрмағамбет сияқты екі алыптың сюжет алмасуларын салыстыратын болсақ, негізгі сюжеттер сақталғанмен біршама өзгерістер бар. Мәселен, Фирдоуси нұсқасындағы Иражды екі ағасының өлтіретін жері Тұрмағамбетте жоқ.

Фирдоуси:

Жендеттерге ұқсамаңдар,

Менің ізім жоғалады.

Дән тасиды құмырысқалар,

Өмір тәтті оған әлі (Ізтілеуов, 2009: 454) - деген Ираж соңғы сөзіндегі ағаларына өлтірмеуін өтінеді. Бұл эпизод Тұрмағамбетте басқаша Ираждың Кейқұбат аты Құланның үркіп, жерге құлап түседі, басынан тәжісі ұшып кетеді. Осы уақытта Сәлім қылышпен шауып өтіп, Тұр басын кеседі деп суреттелген. Дастанда халық поэзиясымен үйлесетін тұстар көп кездеседі.

Мәселен, түс көру мотиві Фирдоуси түсіне кейіпкері Рүстем кіреді. Иражағалары өлтіретінін түсінде көреді.

Тұрмағамбет:

Түсімде жеді етімді екі ит талап,  
Тамсанып қан-жынымды тұрды жалап  
Ол екі ит осы жатқан Сәлім мен Тұр  
Өздерін өлмейтінге жүрген балап (Ізтілеуов, 2009: 213).

«Шаһнама» сюжетін жырлауда Тұрмағамбет ұлттық болмысқа лайықтап үйлестіруі оның ақындық өнердегі даралығын аңғартады.

Фирдоуси «Шаһнамада» жырлаған сюжеттерден Тұрмағамбет алшақ кетпейді, дегенмен өзіндік ой, ұлттық нақыш, адамгершілік мәселесін қозғайды. Кейіпкерлердің атын өзгертіп қолданады, зұлымдықты әшкерелейді. Мәселен, Фирдоусидің Қаюмарын-Тұрмағамбет Қиямарыс, Хумантты-Хушнақ, Тахмурасты-Тақымұрыс деп өзгертіп береді. Екі ақын да Жамшид патша дін мен дәулет иесі, оның тұсында халық рухани байи түскенін зұлымдықтың азайғанын баян етеді, осы сюжетті сақтай отырып, Тұрмағамбет өзіндік өзгеше ой толғайды. Жамшид патшалығын екі бөлімге бөліп, әр тарауға қорытынды, түйін жасаған.

Жамшидтің Зукахтің қолынан өлуін өзінше жырлаған. Мысалы:

Айқайлап әскерімен кіріп ішке,  
Қуанып Зүкәх залым мінді күшке.  
Жамшидтің ордасына кіріп бірден,  
Адамды кесе тұрған тартты іске.  
Жамшидттен ұстап Зүкәх қалған мөрді,  
Биледі болып патша ой мен өрді (Ізтілеуов, 2009: 454).

Ал Фирдоуси Зүкәх араб болған дейді, Тұрмағамбет болса Зүкәхтің араб екенін жырға мүлдем қоспаған.

#### 4. Нәтижелер

Фирдоуси эпопеяда батырлық, ерлікті, Иран мен Тұран арасындағы соғыстарды суреттеумен береді. Тұрмағамбет нұсқасында Рүстем ерлігімен жеке дастан етіп көрсетіп, батырлар жорығын Рүстемнен бастайды. «Шаһнамадағы» мифологиялық бөлім «Авестада» баяндалатын оқиға төңірегінде өрбейді. «Шаһнама» дастанындағы ең көне мифтер адам санасының дамуында философиялық ой тудырады. Халықтық шығармалардағы ертегілік мотив кездеседі. Залды асырап өсірген Самұрық бейнесі немесе Рүстемнің дүниеге келуі Рудабаның босана алмай, Самұрықтың өз қанын аузына тамызып, баланы әйел ішінен жарып алуы сияқты желілер – шығыс елдеріне ортақ мифтер. Адам өмірінен алшақтау, қиял-ғажайып оқиғаларға толы дүниетанымның көрінісі мифтер туралы А.Қыраубаеваның: «Бұрыннан бар сюжетті қайталай жазып, белгілі мифтер мен культтерді жаңғырту – Шығыста ежелгі Ассирия-Вавилон дәуірінен бастап дамыған үрдіс», - деуі дәлел болады (Қыраубаева, 1997: 3).

Рүстемнің әкесі Залдың дүниеге келуін Тұрмағамбет былай таныстырады:

Баланың түсі сары, қара көзі,  
Рас болса бұрынғының айтқан сөзі.  
Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек  
Болады Баһадүрдің нағыз өзі (Ізтілеуов, 2014: 212).

Фирдоуси нұсқасында Рүстем батырдың дүниеге келуі былайша суреттеледі:

Қараса жамбасында жатыр бала,  
Айбаты арыстандай көзі ала.  
Көзінен айналайын қарағым,-деп  
Қуанды қолына алып көре сала (Ізтілеуов, 2009: 268).

Ақындар дастандағы батырлардың дүниеге келуін ерекше суреттеп ауыз әдебиетінің сарынымен үндестіріп, дүниетанымының биіктігін танытқан.

Тұрмағамбет Ізтілеуов пен Фирдоусидің үндестігі туралы сөз қозғағанда осы екі ұлы есімді жақындататын «Шаһнама» аталады. Екі түрлі заманда өмір сүрген осы екі есім уақыт өткен сайын бір-біріне жақындай түседі. Қазақ даласына Фирдоусиді таныстырып, оның әйгілі шығармасы «Шаһнаманың» мотивтерін таратып, өзінше толғады. Сөйтіп, Фирдоусиді тек парсы-тәжік әдебиеті білген жоқ, Орта Азиядағы елдер әдебиетіне үлкен әсер етті. Осы тұрғыдан келгенде Фирдоуси және Тұрмағамбет арқылы әлем халықтарының әдебиетіндегі байланыс, ықпалдастықтың орны ерекше екенін білу абзал. Бұл екі үлкен суреткердің ішкі үндестігін Шығыстың классикаға өзіндік үн қосуынан байқаймыз. Тұрмағамбет Фирдоуси «Шаһнамасынан» нәр алып, өзінше дамыта жырлаған. Тың мотивтер, өзгеше сюжеттер қосып, ғибраттық үлгі берудің ең ұтымды жолдарын ұсынған. «Шаһнама» дастаны – ұлттық дәстүрге, ұлттық жан дүниемізге айтулы үлес қосқан, рухани-мәдени өркендеуімізге әсері мен танымдық-рухани құндылығы зор шығарма екені сөзсіз.

Әлемдік әдеби байланыстар, оның әдеби ықпалдастығы, үндестігі, әдеби тоғысулардың қазақ әдебиетіндегі көрінісін академик Р.Нұрғали сөзімен сабақтасақ: «Еш уақытта ешбір елдің әдебиеті ұлттық шеңберде томаға тұйық өсіп жетілген емес. Өзге жұрттың асыл қазыналарынан нәр алып байығанда ғана өркен жаймақ. Әдеби байланыстар дегеніміз ғасырлардың өн бойымен арқырап аққан өзендер секілді», - деп тұжырым жасаған (Нұрғалиев, 1991: 92).

Орта Азия қалаларында білім алған, Шығыс тілдерін жетік білетін Тұрмағамбетке шығыстың классикалық әсері, сюжеттер алмасуы болғаны, яғни, әдеби байланыс ұлттық шеңберден шығып, шығыс ақындарынан нәр алғанын байқатады.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, Шығыстың классикалық әдебиетіндегі дәстүрлі ұлттық сипатты насихаттау, осы мақсатта Шығыстық дәстүрдің қалыптасуы ұлттық руханиятымыздың маңызды саласы екеніне дау жоқ. Демек, көркем әдебиет пен әдеби байланыстар үлгілері қай кезде де маңызды.

## 5. Қорытынды

Тұрмағамбет «Шаһнаманы» тың оймен түрлентті, шығарма композициясындағы тартыстар Фирдоусимен түйіседі. Адамды қастерлеу, ана мен бала мейірімі, ел



басқарған патшалар, ел қорғаған батырлар, дүниенің ең асылы адам деп зұлымдыққа қарсы лағнет айтады.

Екі ғұлама да өздері арқылы артында тұрған халықтың мұны мен мүддесін көксеген.

Фирдоуси: «Мен парсы тіліне өлмейтін сөз қалдырдым», – деген қағида ұсынса, Тұрмағанбет: «Кейінгіге сұлу сөзді сүйіріктей етіп сөз қалдырдым», – деген үлкен жүректер осылай үндескен.

«Шаһнамада» екі ақын да батырларды суреттеуде астарласып отырады, кейде Тұрмағанбет өсиет сөздермен өлең өрмегін тарқатады.

Фирдоусимен жарыса жырлап, терезесі тең түсіп отырған Тұрмағамбет Сырда қазақ дастанының туын тікті. Бүкіл адамзат баласына қалдырып кеткен «Шаһнама» екі ақынды жақындата түсті. Адамгершілік, ізгілік, әділдік үшін күресте, мейірімділік пен зұлымдық, достық пен қастыққа баса назар аударған.

Т.Жүргеновтің туысқан халықтарды рухани жақындастыруда тәржіманың алар орны ерекше екенін айтып әдеби байланысты нығайту мақсатында үкімет қаулысымен Тұрмағамбет ақынға «Шаһнаманы» жазуды жүктейді.

«Қалай да қапада өтіп кетем бе?» – деп,  
Кітабын «Шаһнаманың» еттім ермек.  
Өлеңмен он бір буын он ай жазып  
Бітірдім басым сипап, шаршап терлеп, – деп (Нұрғалиев, 1991: 576).

Он айда толық аяқтап, қазақ ұғымына үйлестіре жазып шыққан.

«Соңғы жылдары Тұрмағамбет жырлаған «Шаһнаманың» толық нұсқасы жарыққа шыққанын ерекше атап өткеніміз жөн. Десек те Шәді жырлаған нұсқаның әлі күнге табылмауы өкінішті жағдай. Әрине, түпнұсқа болмағандықтан да бұл мәселеге, яғни Шәдінің «Шаһнаманы» аударғанына күдікпен қарайтындар да табылар. Алайда Шәдінің Атбасар уезіндегі Қалменбайға жазға өлең-хаты көңілімізге демеу болары анық», - деп тұжырымдайды (Қыдыр, 2010: 56).

Ақынның 125 жылдық мерейтойында М. Құл-Мұхамед: «Шығыстың жеті жұлдызының бірі Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын қазақша сөйлетіп, өзінің асқан дарын иесі, сөз мәйегін ағызған қас шебер екенін тағы бір дәлелдеді. Мұндай баға жетпес туындының қазақ поэзиясына қосылуы ұлттық әдебиетіміздің мерейін биікке көтереді, ұлттың ұлы қазынасына айналады»-деп құнды пікір айтқан (Ізтілеуов, 2007: 3).

Тұрмағамбет – «Шаһнамада» гуманистік ойды қайталап, әдеби ықпалдастықпен қазақ әдебиетін тақырып, мазмұн, форма, жанр жағынан байытқан ақын. Шығыстық ықпалдың әсерімен ұлттық сананы жаңғыртып, қазақ поэзиясының сарқылмас бұлағына айналдырған.

**Әдебиеттер:**

1. Әуезов М. Әр жылдар, ойлар. – Алматы: Жазушы, 1970. – 204 б.
2. Жанбершиева Ұ.Н., Оралова Г.С., Төлебаева А.Т., Камисева Г.А. Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №4 (145) 2023. – 121-131 бб. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131>
3. Жеменей И. Шаһнамаға алғы сөз. Т.1. – Астана: Сарыарқа Баспа үйі, 2009. – 452 б.
4. Кәрібозұлы Б. Беталыс. – Алматы: Арыс, 2005. – 200 б.
5. Күмісбаев Ә. Алтын қазық. – Алматы: Қайнар, 2012. – 512 б.
6. Құл-Мұхамед М. Тау тұлға Тұрмағамбет. – Алматы: Мақала, 2007. – 3 б.
7. Қыдыр Т. Фирдоуси «Шаһнамасының» алғашқы аудармасы туралы. ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4 (53) 2010. – 53-56 бб.
8. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі Шығыстың кисса-дастандардың түпкі төркіні мен қалыптасуы ф.ғ.д.автореферат. – Алматы: РГПЭО АҚ, 1997. – 55 б.
9. Нұрғалиев Р. Арқау. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
10. Tulebayeva A.T., Aitimov M. K., Oralova G. S., Kamisheva G. A., Serdali B. K. (2019) Philosophical Worldview and Pedagogical Perspectives of the Poets-Zhyrau of the Aral Sea and Syr Darya Areas. Special Issue of Journal of Research in Applied Linguistics, 10, Spring. pp. 253-271 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196>
11. Ізтілеуов Т. «Рүстем-Дастан – Фирдаусиден желісімен жазылған қаһармандық жыр». – Алматы: Жазушы, 2014. – 165 б.
12. Ізтілеуов Т. «Шахнама». Т.2. – Астана: Сарыарқа Баспа үйі. 2 том. 2009. – 454 б.
13. Ізтілеуов Т. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Дешті Қыпшақ Баспа үйі, 2007. – 420 б.

**References:**

1. Auevov M. (1970) Every year, thoughts. – Almaty: Zhazushy. – 204 p. (in Kaz)
2. Iztileuov T. (2014) “Heroic poem written in the line of Rustem-Dastan - Firdausiden”. – Almaty: Zhazushy. – 165 p. (in Kaz)
3. Iztileuov T. (2009) “Shahnama”. T.2. – Astana: Saryarka Publishing House. 2 volumes. – 454 p. (in Kaz)
4. Iztileuov T. (2007) A collection of selected works. – Almaty: Deshti Kypchak Publishing House. – 420 p. (in Kaz)
5. Karibozuly B. (2005) Betalys. – Almaty: Arys. – 200 p. (in Kaz)
6. Kumisbaev O. (2012) Golden peg. – Almaty: Kaynar. – 512 p. (in Kaz)
7. Kul-Muhamed M. (2007) Mountain person Turgamambet. – Almaty: Makala. – 3 p. (in Kaz)
8. Kydry T. (2010) About the first translation of Ferdowsi’s Shahnama. Herald of KazNU. Oriental Studies Series. No. 4 (53). pp. 53-56. (in Kaz)
9. Kyraubaeva A. (1997) The origin and formation of stories of the East in Kazakh literature PhD. author’s abstract. – Almaty: RGPEO AK. – 55 p. (in Kaz)
10. Nurgaliev R. (1991) Back. T.2. – Almaty: Zhazushy. – 576 p. (in Kaz)
11. Tulebayeva A.T., Aitimov M.K., Oralova G.S., Kamisheva G.A., Serdali B.K. (2019) Philosophical Worldview and Pedagogical Perspectives of the Poets-Zhyrau of the Aral Sea and Syr Darya Areas. Special Issue of Journal of Research in Applied Linguistics, 10, Spring. pp. 253-271 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196> (in Eng)
12. Zhanbershieva U.N., Oralova G.S., Tulebayeva A.T., Kamisheva G.A. (2023) Eastern tradition in example poems of Syr Suleys (Turmagambet, Yusip, Omar). Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Philology series. No. 4 (145). pp. 121-131. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131> (in Kaz)
13. Zhemenei I. (2009) Preface to the Shahnama. T.1. – Astana: Saryarka Publishing House. – 452 p. (in Kaz)